

«Марат Оспанов атындағы  
Батыс Қазақстан медицина  
университеті» КеАҚ  
Директорлар кеңесінің  
«14» ~~сәуі~~ <sup>сәуі</sup> 2023 жылғы  
(№ ~~1~~ хаттама) шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»



«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина  
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына  
PhD докторантураға қабылдау қағидасы

Ақтөбе қ., 2023 жыл.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы PhD докторантураға қабылдау қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) PhD докторантураға тұлғаларды қабылдау тәртібін сипаттайды.

1.2. Қағида келесілерге сәйкес әзірленді:

- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III және Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуді іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін айқындайтын «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасы;

- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығына 4-қосымша Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты («Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы). Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 шілдеде № 28716 болып тіркелді)

1.3. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- докторантура – кемінде 3 жыл нормативтік оқу мерзімі бар, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беретін немесе бейіні бойынша кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламасы;

- докторант – докторантурада оқитын тұлға;

- философия докторы (PhD) – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілетін дәреже;

- үміткер портфолиосы – үміткердің ғылыми жетістіктері (мақалалардың, грамоталардың, сертификаттардың, үміткер сөйлеген конференция бағдарламаларының көшірмелері және т.б.) енгізілген жеке ісі.

## 2. PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

2.1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) докторанттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және

бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте ЖЖОКБҰ: 1) білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, кері қайтарып алу және одан айыру туралы уәкілетті орган шешім қабылдаған; 2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, институционалдық аккредиттеу болмаған, сондай-ақ аккредиттеудің қолданылу мерзімі тоқтатылған, кері қайтарылған немесе аяқталған; 3) мемлекеттік бақылау қорытындылары бойынша және (немесе) сот процесі кезеңінде оның нәтижелері бойынша өрескел бұзушылықтар анықталған; 4) білім беру бағдарламаларының тиісті тобына білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізілімінен білім беру бағдарламасы болмаған немесе алып тасталған жағдайларда қабылдауды жүзеге асырмайды.

2.2. Университетке PhD докторантураға адамдарды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.3. Шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

2.4. Шетел азаматтарын университетке ақылы негізде оқуға қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады. Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар I (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде тұлғаларды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

2.6. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін университет қабылдау комиссиясын құрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор болып табылады.

2.7. Қабылдау комиссиясының құрамы мен функциялары қабылдау комиссиясы төрағасының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

2.8. PhD докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің таңдаулы білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша кеңес беруді, түсу емтиханының рәсімімен танысуды, түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді

ұйымдастыруды, білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

2.9. PhD докторантураға өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 3 шілдесінен 3 тамызына дейін жүзеге асырылады;

2.10. Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20 тамызына дейін; оқуға қабылдау – күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі;

2.11. Докторантураға түсетін тұлғалар күнтізбелік жылдың 22-28 тамыз аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) немесе «электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін құжаттарды қабылдау және жоғары оқу орындарына қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады. «Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

2.12. Жеке басын куәландыратын құжаттар, жоғары білімі туралы құжат, медициналық анықтама, резидентураны бітіргені туралы куәлік туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

2.13. Қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметтер алушыға өтініш келіп түскен күні құжаттар топтамасын қабылдау туралы колхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметтерді алушының құжаттар топтамасын толық ұсынбауы жағдайында құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

2.14. Көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жүгінген жағдайда алушыға «жеке кабинетке» мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

2.15. Көрсетілетін қызметті беруші олар келіп түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол электрондық құжат нысанында өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетке» жіберіледі.

2.16. Көрсетілетін қызметтерді алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметтердің хабарламасын алғаннан кейін университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі, алушы көрсетілетін қызметті берушіге күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

2.17. Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет басшысы көрсетілетін қызметті алушыны университеттің PhD докторанттарының қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

2.18. PhD докторантураға қабылдау 2 кезеңде жүргізіледі: алдын ала іріктеу, түсу емтихандары.

2.19. PhD докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 15 сәуіріне дейін жүргізіледі.

2.20. Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға жүргізілген алдын ала іріктеудің нәтижелері түсу емтихандарына рұқсат немесе жіберілмеу болып табылады.

### **3. PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСЕТІН ТҰЛҒАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.1. PhD докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілі бар немесе медициналық мамандықтар бойынша резидентурада оқуын аяқтаған тұлғалар қабылданады.

3.2. Мамандықтар бойынша докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгергісі келетін тұлғалардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар:

- **D141 - «Медицина»:** 6M110100 – «Медицина», 6M110300 – «Мейірбике ісі», 6M110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау», 6M110500 – «Медициналық-профилактикалық іс» мамандықтары бойынша магистратура; Резидентура (барлық мамандықтар);

- **D139 – «Қоғамдық денсаулық сақтау»:** 6M110100 – «Медицина», 6M110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау», 6M110300 – «Мейірбике ісі», 6M110400 – «Фармация», 6M110500 – «Медициналық-профилактикалық іс», 6M110600 – «Денсаулық сақтау менеджменті», 6M050600 – «Экономика» мамандықтары бойынша Магистратура, 6M050700 – «Менеджмент», 6M051300 – «Әлемдік экономика», 6M030100 – «Құқықтану»; Резидентура (барлық мамандықтар).

- **D151 - «Мейірбике ісі ғылымы»:** 6M110100 – «Медицина», 6M110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау», 6M110300 – «Мейірбике ісі», 6M110400 – «Фармация», 6M110500 – «Медициналық-профилактикалық іс», 6M110600 – «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандықтары бойынша магистратура.

### **4. PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУШІЛЕРДІ АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ**

4.1. PhD докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеуге қатысу үшін үміткерлер мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының атына еркін нысандағы өтініш;

2) бөлімдерден тұратын түйіндеме (білімі, мамандығы, ғылыми қызығушылық саласы, шет тілін меңгеру деңгейі, жетістіктері);

3) зерттеудің өзектілігін, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, зерттеу материалдары мен әдістерін, зерттеу дизайнын, ғылыми жаңалығы мен

күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, диссертациялық жұмыстың аннотациясы;

4) жұмыс/оқу орнынан өтініш немесе ұсыныс хат (құрылымдық бөлімше/кафедра жетекшісінің);

5) ғылыми жетекшінің жетекшілігіне жазбаша келісім;

6) растайтын құжаттары бар үміткердің алдыңғы үш жылдағы портфолиосы (ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысканы үшін грамоталар/дипломдар) (болған жағдайда);

7) бедерлемесі бар ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (болған жағдайда);

8) Барлық құжаттар файлдық папкада беріледі.

4.2. Алдын ала іріктеу үміткердің алдағы ғылыми-зерттеу жұмысының презентациясы түрінде университеттің проблемалық комиссия отырысында жүзеге асырылады.

4.3. Комиссия тыңдалған жұмысты жоспарланған диссертацияның презентациясы бойынша бекітілген бағалау парағына сәйкес төрт балдық шкала бойынша бес өлшемшарт бойынша бағалайды (1-қосымша, 2-қосымша).

4.4. Комиссия портфолионы докторантурада оқуға үміткердің портфолиосын бағалау өлшемшарттары бойынша (үш жыл ішінде) жүз балдық шкала бойынша бағалайды (3-қосымша).

## **5. PhD ДОКТОРАНТУРАҒА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

5.1. PhD докторантураға түсетін тұлғалар университетке жүгінген кезде «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Университеттің Басқарма Төрағасы -Ректорының атына өтініш (4-қосымша);

2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

3) білімі туралы құжат (қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырған кезде түпнұсқасы) және қосымшасы бар жоғары білім туралы дипломның, қосымшасы бар магистр дипломының нотариалды куәландырылған көшірмелері, резидентурадан өткені туралы куәлік (сынақ ведомосінен үзінді көшірмесі бар);

4) ҰТЕО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);

5) International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 5,5), IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор) шекті балл – кемінде 5,5, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 460 балл, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) шекті балл – кемінде 46, Test of English as a Foreign Language Paper-based testing

(TOEFL PBT) шекті балл – кемінде 453, Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2) деңгейі, Test DaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейі), Test de Français International™ (TFI– оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), Diplôme d'Études en Langue Française (DELF, B2 деңгейі), Diplôme Approfondi de Langue Française (DALF, B2 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл) бағдарламалары бойынша шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) (ағылшын, неміс, француз) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын электрондық халықаралық сертификат.

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

7) өлшемі 3 x 4 сантиметр болатын 6 фотосурет;

8) жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ немесе еңбек қызметін растайтын өзге де құжат (еңбек кітапшасының нотариалды куәландырылған көшірмесі);

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар) ;

10) алдын ала іріктеу нәтижелері («Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» білім беру саласы бойынша) (Жоспарланған диссертациялық жұмысты таныстырғаны үшін орташа балды көрсете отырып, PhD докторантураға түсушілерді алдын ала іріктеуден өткені туралы университеттің проблемалық комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді);

5.2. 5.1-тармақтың 4) және 7) тармақшаларында санамаланған құжаттар түпнұсқалар мен көшірмелерде ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалар өтініш берушіге қайтарылады.

5.3. Сертификаты бар тұлғалар (TOEFL ITP (Test of English as a Foreign language Institutional Testing Programm) докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуден өтеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды.

5.4. Ең көп балл саны - 100 ұпай. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «жіберіледі» немесе «жіберілмейді» нысанында бағаланады. «Жіберіледі» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

5.5. Ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда ҰТО жүргізеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты мен орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

5.6. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған кезде қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

5.7. Барлық құжаттар құжат тігілетін папкаға тігіледі, парақтар нөмірленеді және құжаттар тізімдемесіне енгізіледі.

5.8. PhD докторантураға түсетін тұлғалар портал арқылы жүгінген кезде келесідей өтініш береді:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми кеңесшімен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеудің электрондық негіздемесі;

3) білім туралы электрондық құжат;

4) ҰТЕО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);

5) International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 5,5), IELTS INDICATOR (АЙТЛС Индикатор) шекті балл – кемінде 5,5, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 460 балл, Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) шекті балл – кемінде 46, Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл – кемінде 453, Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), Test DaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейі), Test de Français International™ (TFI– оқу және тындау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), Diplôme d'Études en Langue française (DELF, B2 деңгейі), Diplôme Approfondi de Langue française (DALF, B2 деңгейі), Test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл) бағдарламалары бойынша шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) (ағылшын, неміс, француз) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын электрондық халықаралық сертификат.

6) 3 x 4 сантиметрлік цифрлық фотосурет;

7) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматтағы 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады;

7) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эсселер және басқа құжаттар).

5.9. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер ЖЖОКБҰ-ға күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін береді:

1) өтініш (еркін нысанда);

2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

3) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат және балдары (докторантура үшін) көрсетілген білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын тапсыру туралы үзінді көшірме;

4) ҰТЕО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсыру туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);



5) еңбек кітапшасының көшірмесі (болған жағдайда);

6) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

7) алдын ала іріктеу нәтижелері («Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» білім беру саласы бойынша докторантура үшін).

5.10. Білім беру грантын беру жөніндегі конкурсқа өтініш бергенге дейін оқуға түсушінің Ұлттық білім беру деректер базасында (ҰБДБ) «білім алушы» мәртебесі болмауы тиіс.

5.11. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Конкурс Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханының балдарына сәйкес өткізіледі.

5.12. PhD докторантураға қабылдау туралы ақпарат және регламенттеуші құжаттама университет сайтында (<http://www.zkgmu.kz>) және «Платонус» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ААЖ) (<https://platonus.zkmu.kz>) орналастырылған.

## 6. ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. PhD докторантураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттар ұсынады:

- *ағылшын тілі* - International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 5,5) бағдарламалары бойынша;

- IELTS INDICATOR (АЙТЛС индикаторы) шекті балл – кемінде 5,5;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (TOEFL Ай Ти Пи) шекті балл – кемінде 460 балл;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) шекті балл – кемінде 46;

- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл – кемінде 453;

- *неміс тілі*-Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі),

- Test DaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейі);

- *француз тілі* – Test de Français International™ (TFI– оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес);

- Diplôme ' Etudes en langue française (DELFF, B2 деңгейі);

- Diplôme Approfondi de langue française (DALF, B2 деңгейі), test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл);

6.2. Сертификаты бар тұлғалар (TOEFL ITP (Test of English as a Foreign language Institutional Testing Programm) докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуден өтеді. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды.

6.3. Ең көп балл саны - 100 ұпай. Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «жіберіледі» немесе «жіберілмейді» нысанында бағаланады. «Жіберіледі» бағасын алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

6.4. Ағылшын тілін білуге қосымша тестілеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда ҰТО жүргізеді. Ағылшын тілін білуге

арналған қосымша тестілеуді тапсыру күні, уақыты мен орны оқуға түсушілердің назарына олардың жеке кабинеті арқылы жеткізіледі.

6.5. Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ оқуға қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұскалығы мен қолданылу мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

6.6. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған тұлғалар 5.1-тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

6.7. Университет түсу емтихандарын өткізуден жиырма күнтізбелік күн бұрын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне және Денсаулық сақтау министрлігіне PhD докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарын өткізу кестесін жібереді.

6.8. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханын күнтізбелік жылдың 4 тамызынан 20 тамызына дейін докторантураның білім беру бағдарламаларына қабылдауды жүзеге асыратын университет дербес жүргізеді. Бұл ретте оқуға түсушінің докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқуға алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша түсу емтихандарына рұқсаты болады және докторантураның білім беру бағдарламалары тобы бойынша түсу емтиханын тек оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-ға тапсырады. Қабылдау – күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін.

6.9. PhD докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде Университетте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау, емтихан және апелляциялық комиссия құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

6.10. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор болып табылады.

6.11. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейін бойынша ғылым докторы немесе кандидаты/философия докторы (PhD) академиялық дәрежесі бар университет қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады.

6.12. Емтихан комиссияларының құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорының бұйрығымен бекітіледі және білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі. Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

6.13. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарын өткізу бағдарламалары мен кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар) университет әзірлейді және қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және түсу емтиханы басталғанға дейін 3 (үш) күн бұрын түсушілердің назарына жеткізіледі.

6.14. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары бейне және (немесе) аудио жазбамен жарактандырылған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

6.15. Мамандық бойынша емтихан университеттің тестілеу орталығында тест түрінде өткізіледі және 100 балдық бағалау шкаласы бойынша бағаланады. Мамандық бойынша емтихан нәтижелері хаттамамен ресімделеді, ол докторантураға әрбір үміткер үшін жеке толтырылады. Жеке хаттаманы ресімдеу үшін емтихан ведомосы негіз болып табылады. Емтихан хаттамасына (5-қосымша) емтихан комиссиясының төрағасы мен мүшелері қол қояды және емтихан ведомостарымен бірге PhD докторантурада оқуға үміткердің жеке ісіне қоса беріледі.

6.16. Түсу емтихандарын оларды тапсырған жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.

6.17. Түсу емтихандарының нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

6.18. Апелляциялық комиссия түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарау үшін құрылады.

6.19. Университеттегі апелляциялық комиссияның құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

6.20. Апелляциялық комиссия емтихан материалдарының мазмұны және техникалық себептері бойынша PhD докторантураға түсетін тұлғалардан өтініштерді қабылдайды және қарайды.

6.21. Техникалық себептер бойынша апелляция нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін емес болатын тест тапсырмалары (мәтіндер, схемалар, суреттер, кестелер) шарттарының үзіндісі болмаған жағдайда қаралады.

6.22. Тест тапсырмаларының мазмұны бойынша апелляция мынадай жағдайларда қаралады: 1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі); 2) дұрыс жауап жоқ; 3) ұсынылған барлық жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдай отырып, тест тапсырмаларында біреуден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі); 4) дұрыс құрастырылмаған тест тапсырмасы.

6.23. Тест тапсырмаларын қайта қарау үшін мазмұны бойынша өтініш берген кезде оқуға түсуші дәлелді негіздемені (толық түсіндірмені) көрсетеді. Дәлелді негізді көрсетпей барлық тест тапсырмаларын қайта қарау бойынша апелляцияға арналған өтініштер (толық түсіндірме, міндеттерді кезең-кезеңімен шешу) қарауға жатпайды.

6.24. Апелляциялық комиссия білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтиханының нәтижелеріне шағымданатын тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды.

6.25. Докторантураға түсетін тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына түсушілердің жеке өзіне беріледі. Өтініш түсу емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 - ге дейін қабылданады, өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде апелляциялық комиссия қарайды.

6.26. Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

6.27. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

6.28. Апелляциялық комиссия шешімдерді комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссия жұмысы Төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

## 7. ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

7.1. Тұлғаларды ақылы негізде докторантураға қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша және ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған халықаралық сертификат негізінде жүзеге асырылады;

7.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураға оқуға түсу емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады - кемінде 75 балл .

7.3. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, PhD докторантураға қабылдау кезінде басым құқықты білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша неғұрлым жоғары баға алған тұлғалар, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, аз қамтылған отбасылардан шыққан үміткерлер алады. Содан кейін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science дерекқорының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квантильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдарда; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; грамоталар/ ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін дипломдар.

7.4. PhD докторантурасына түсу емтихандарын сәтті тапсырған, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінген орындарға конкурс бойынша өтпеген тұлғалар PhD докторантурасына шарттық (ақылы) негізде қабылдануы мүмкін. Оқуға қабылдау Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде тараптардың білім беру қызметтерін ақылы көрсету туралы шартын жасасқаннан кейін жүзеге асырылады.

7.5. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар күнтізбелік жылдың 5 қыркүйегіне дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары оқу орындары арасында одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде білім беру, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға қайтарылады.

7.6. Бірінші кезекте жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тиісті тобы бойынша түсу емтихандарының нәтижелері бойынша ең жоғары балл алған үміткерлері бар ЖЖОКБҰ өтінімдері қанағаттандырылады. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының осы тобы бойынша үміткерлер болмаған кезде қайта бөлу

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлаудың тиісті бағыты ішінде жүзеге асырылады. Дайындық бағыттары бойынша үміткерлер болмаған кезде қайта бөлу білім беру саласында жүзеге асырылады. Игерілмеген орындарды қайта бөлу уәкілетті органның бұйрығымен күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін бекітіледі.

7.7. Университет Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға 10 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша PhD докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ-на  
PhD докторантураға қабылдау қағидасына  
I-қосымша

**Жоспарланған диссертациялық жұмысты бағалау парағы**

Үміткердің ТАӘ \_\_\_\_\_

р/с №	Диссертациялық жұмыстың жоспарланған тақырыбының өлшемшарттары	Комиссия мүшесінің бағасы, балл <b>Баллдар (0-4)</b>
1	Өзектілігі (диссертациялық жұмыстың өзектілігі дәрежесі)	
2	Мақсаты мен міндеттері (диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің тақырыбына сәйкестігі)	
3	Ғылыми жаңалық (болжамды ғылыми нәтижелер медицинаның тиісті саласында қаншалықты жаңашыл болады)	
4	Зерттеу нысаны және әдістемесі (зерттеу объектісін, үлгіні және зерттеу дизайнын негіздеу)	
5	Күтілетін нәтижелер (практикалық маңыздылығы)	
	қорытынды балл	

\* Ең жоғары қорытынды балл – 20 балл

4 баллға дейін, мұндағы:

жоғары– 4 балл;

орташадан жоғары– 3 балл;

орташа – 2 балл;

орташадан төмен – 1 балл;

төмен– 0 балл.

Комиссия мүшесі \_\_\_\_\_ ТАӘ, ғылыми дәрежесі

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ-на  
PhD докторантураға қабылдау қағидасына  
2-қосымша

**Жоспарланған диссертациялық жұмыстың жиынтық бағалау парағы**

Үміткердің ТАӘ \_\_\_\_\_

р/с №	Диссертациялық жұмыстың жоспарланған тақырыбының өлшемшарттары	Орташа балл
1	Өзектілігі (диссертациялық жұмыстың өзектілігі дәрежесі)	
2	Мақсаты мен міндеттері (диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің тақырыбына сәйкестігі)	
3	Ғылыми жаңалық (болжамды ғылыми нәтижелер медицинаның тиісті саласында қаншалықты жаңашыл болады)	
4	Зерттеу нысаны және әдістемесі (зерттеу объектісін, үлгіні және зерттеу дизайнын негіздеу)	
5	Күтілетін нәтижелер (практикалық маңыздылығы)	
	Барлығы	

Ең жоғары қорытынды балл – 20 балл

\* - Әрбір өлшемшарт бойынша орташа балл комиссия мүшелерінің әрқайсысы қойған тиісті өлшемшарт бойынша балдардың орташа мәні ретінде айқындалады

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ-на  
PhD докторантураға қабылдау қағидасына  
3-қосымша

**Докторантурада оқуға үміткердің портфолиосын бағалау өлшемшарттары  
(үш жылға)**

р/с №	Көрсеткіштер	Баллдық баға	Растаушы құжаттар	Сомасы
1	Ғылыми жұмыс магистратурада оқу кезінде басталған ғылыми бағыттың жалғасы болып табылады	0,5	Магистрлік диссертацияларды қорғау туралы қорытынды аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді	
2	Қатысу: - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің немесе Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалатын ғылыми бағдарламалар мен жобалар; - қаржыландырудың өзге нысандары шеңберінде орындалатын ғылыми бағдарламалар мен жобалар	0,5          0,3	клиникалық және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректордан анықтама / бұйрық	
3	Бірлескен авторлықта жарияланған мақалалар: - ғылыми ақпараттың беделді дерекқорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарда (Web of Knowledge, Scopus, Springer) ; - ТМД ғылыми журналдарында; - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда; - университет журналында; - Қазақстанның ғылыми	0,5          0,2 0,3       0,3	басылымдардың бедерлемелері	



	журналдарында	0,2		
4	Бар болуы: - Өнертабысқа патенттер - авторлық куәліктер	0,5 0,5	көшірмелері	
5	Халықаралық конференциялар мен форумдарға катысу: - ауызша баяндамамен (шетелге шығумен); - ауызша баяндамамен (Қазақстан Республикасының аумағында); - ауызша баяндамамен (университетте); - ғылыми ақпараттың (Web of Knowledge, Scopus) беделді дерекқорларында индекстелетін конференция материалдарының жинағында тезистің (мақаланың) жариялануымен; - Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің ғылыми ақпарат дерекқорларымен индекстелетін конференция материалдарының жинағында тезистің (мақаланың) жариялануымен	0,5 0,3 0,2 0,5       0,3	конференция бағдарламасының көшірмелері, жарияланымдардың көшірмелері	
6	Грамоталардың, дипломдардың, сертификаттардың болуы: - халықаралық; - республикалық	0,5 0,3	көшірмелері	
	Барлығы			

Ескерту: растайтын құжаттар болмаған жағдайда балдар есептелмейді.

Оқуға үміткердің қолы \_\_\_\_\_

Құжаттарды қабылдауға жауапты тұлғаның қолы \_\_\_\_\_

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ-на  
PhD докторантураға қабылдау қағидасына  
4-қосымша

«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ  
Басқарма төрағасы-Ректор  
профессор Т.А.Ә.

жұмыс орны, лауазымы \_\_\_\_\_  
кімнен \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (толық) \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ ,  
\_\_\_\_\_ ,  
ұялы тел.ном. \_\_\_\_\_  
үй.тел.ном. \_\_\_\_\_

Алдыңғы білім деңгейі туралы мәліметтер:

бітірген жылы және білім беру мекемесінің атауы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

### Өтініш

Сізден 20\_\_-20\_\_ оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырыс есебінен  
\_\_\_\_\_ білім беру  
бағдарламалары тобы бойынша PhD докторантураға түсу үшін конкурсқа  
қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын  
Конкурс шарттарымен таныстым.

Оқыту тілі: қазақ, орыс, ағылшын  
(керегінің астын сызу)

Күні, қолы

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламалары  
тобының  
PhD докторантурасына түсу емтихандары бойынша емтихан комиссиясы  
отырысының  
№ \_\_ ХАТТАМАСЫ

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

**Комиссия құрамы:**

**Төраға:** \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы

**Комиссия мүшелері:**

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы

\_\_\_\_\_ білім беру бағдарламалары тобының PhD докторантурасына  
мамандығы бойынша түсу емтиханын тапсыру туралы

Оқуға үміткердің Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_ Пәндер бойынша тестілеу нәтижелері:  
\_\_\_\_\_

Емтихан комиссиясының шешімі:


Докторантурада оқуға үміткер \_\_\_\_\_ үміткердің Т.А.Ә.

мамандық бойынша түсу емтиханын \_\_\_\_\_ бағамен тапсырды  
балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағалау



Төраға: \_\_\_\_\_ (КОЛЫ)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_ (КОЛЫ)  
\_\_\_\_\_ (КОЛЫ)

**Әзірлеген:**

р/с №	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
1.	Кошмағанбетова Г.К.	Магистратура және докторантура бөлімінің жетекшісі		22.05.2023

**Келісілді:**

р/с №	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қолы	Күні
1	А.А.Рамазанова	Қабылдау комиссиясының жетекшісі		22.05.2023
2	А.Н.Урумбаева	Заң бөлімінің жетекшісі		22.05.2023